

КИБЕРБУЛЛИНГ: ҚАЛАЙ ҚОРҒАНУҒА БОЛАДЫ?

Интернеттің қолдану аясы кеңейген сайын ақпараттық кеңістікте адам қауіпсіздігіне байланысты түрлі терминдер пайда болды. Бұл терминдердің пайда болуына жаңа факторлардың ықпалы бар. Соңғы жылдары ғаламторда балаларға жасалатын зорлық-зомбылық қаупі көбейгені көңілге алаңдаушылық тудырады. Ғалымдар осы құбылысты «кибербуллинг» деп атады.

Кибербуллинг – адамды интернетте, әлеуметтік желі мен түрлі мессенджерлерде қорқытып, зорлық көрсету. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, қазіргі таңда еліміздегі жасөспірімдердің 12 пайызы осы кибербуллингтен зардап шегеді екен. Бүгінде жат ағымның жетегінде кеткен жастардың басым көпшілігін де осы кибершабуылдың құрбаны деп атауға болады. Қазіргі таңда моббинг болып әлімжеттік жасап жатқан топтар көп («моббинг» дегеніміз әлеуметтік топ болып қоқан-лоқы жасайтын топтар.)

Еске сала кетсек бұдан бірнеше жыл бұрын кибербуллингтің «жемісі» саналатын «Көк кит», «Киттер мұхиты», «Мені сағат 04:20-да оят» сынды ойындар қаншама жастардың өмірін жалмаған еді.

Әлеуметтік желінің дамуы киберкеңістіктегі қылмыстардың көбеюіне алып келіп жатқаны жасырын емес. Халықаралық заңгер, М.Нәрікбаев атындағы ҚАЗГЮУ университетінің аға оқытушысы Дана Мұхамеджанованың айтуынша, еліміздің заңнамасында кибербуллинг термині қарастырылмаған. «Қазақстан Республикасының заңнамасында кибербуллингке қарсы заңдар қарастырылмаған. Халықаралық тәжірибеге қарайтын болсақ, кейбір мемлекеттерде киберқорлықтың құрбандары интернеттегі қауіпсіздігін арнаулы органдарға немесе әлеуметтік желілердің әкімдігіне жүгіну арқылы сақтайды. Ол үшін әкімдік қорлайтын ақпарат

жіберуші аккаунт иесін уақытша немесе біржолата шектейді не бұғаттайды. Көптеген мемлекетте кәмелетке толмаған балалардың әлеуметтік желідегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында біраз заңдар қабылданған. Соның бірі 2000 жылғы «Children's Online Privacy Protection Act» заңы. Аталған құжаттың аясында виртуалды әлемде балаларды теріс пікірден, зорлықтан, әлімжеттіліктен қорғайтын ережелер қарастырылған. Өкінішке қарай, Қазақстанда ондай бөлек құжат жоқ», – дейді халықаралық заңгер.

Қорытындылайтын болсақ, әлеуметтік желіні барынша дұрыс қолданбасақ, пайдасынан зияны көбірек. Әрбір отбасында балалардың барынша интернетке тәуелділігін тудырмау мәселесін назарға алуы қажет. Тәуелділіктің соңы арнайы мамандардың көмегіне жүгінуге әкеледі. Ата-ана тарапынан баланы қараусыз қалдырмай, олардың уақытын дұрыс жоспарлағанда ғана, интернетке тәуелділік туындамайды. Бұл – киберқұрбан болу мүмкіндігін азайтын бірден-бір жол.

**Ү.СӘКЕНҚЫЗЫ,
М.Әуезов атындағы
ОҚУ «Филология
факультеті»
журналистика мамандығы
Фи-23-11-кз тобы студенті**

**Г. УТЕГЕНОВА,
жетекшісі**